

Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігі, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі ЖШС-гі мен «Тараз – Болашақ» медициналық орталығы арасында өңірлерге қажетті мамандарды даярлау бойынша Корпоративтік басқару (қамқорлық) туралы

### **МЕМОРАНДУМЫ**

Бұдан әрі — Тараптар деп аталатын Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімінің орынбасары Сариев Бақдәулет Жолдасұлы, «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі ЖШС-нің директоры Асқаров Канат Пернебаевич пен «Тараз – Болашақ» медициналық орталығының бас дәрігері Досқұлов Оразкул Нуралиевич арасында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында өңірлерге қажетті мамандарды даярлау үшін үш жақты келісім жасады.

#### **1. Меморандумның мәні**

1. Осы келісімнің негізгі мәні Тараптардың қызметі мен құзыретін ескере отырып, Тараптардың ынтымақтастығы мен тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету;
2. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген білім алу құқығын іске асыру;
3. Білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, жастардың қажетті мамандықтарын алуға ықпал жасау;
4. Өңірлерге қажетті мамандарды жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып даярлау;
5. Әріптестік шеңберінде ауқымды шаралар мен бастамаларда бірге қызмет етуді үйлестіру;
6. Жұмыс берушілермен іскерлік байланыс орнату;
7. Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігі тарапынан колледж бітірушілерінің жұмыспен қамтылуына ықпал ету.
8. Кадрларды мақсатты даярлау саласындағы «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі қызмет көрсету саласындағы емдеу мекемелері үшін дуальді оқыту технологиясы бойынша ынтымақтастықты өзара қажеттіліктер мен мүдделерді ескере отырып, тең құқылық қағидаттарды негізінде дамыту;
9. Техникалық және кәсіптік білім берудің нормативтік-құқықтық базасын және МЖМБС жетілдіру;
10. Қабылданатын шешімдер, нормативтік құқықтық актілер туралы бір-бірін ресми хабардар ету.

#### **II. Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігінің құқықтары**

1. Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігі өңірдің еңбек нарығының қажеттілігін анықтау мақсатында жергілікті жердегі жұмыс орындарындағы мамандарға нақты қажеттілікті зерделейді;
2. Білім беру ұйымдарына жаңа пайда болған қажетті мамандар туралы анықталған ақпараттарды жіберуге ықпал жасайды;
3. Жергілікті жердегі жұмыспен қамту бөлімдері техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру үшін мамандарға қажеттілік туралы ақпаратты облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсынады;
4. Колледж бітірушілерінің жұмыспен қамтылуына жағдай жасайтын үрдістерді жүзеге асырады;



5. Жұмыс беруші мен жұмысшының тәуекелдерін өзара сақтандыру үшін үш жақты шарттар (жұмыс беруші, жұмысшы, жұмысқа орналастыру жөніндегі орган) тәжірибесін енгізу жөніндегі тетікті әзірлеуге көмектеседі;
6. Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімі тарапынан колледж бітірушілердің жұмыспен қамтылуын ықпал етеді.

### **III. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Тараз – Болашақ» жоғары медициналық колледжі ЖШС-нің құқықтары**

1. Оқу жұмыс жоспарлары мен оқу бағдарламаларын Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы негізінде оқу жоспарларының болуы;
2. Оқу жоспарының пәндеріне сәйкес педагог қызметкерлердің базалық білімінің болуы;
3. Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары бойынша жоғары және бірінші санаттағылардың үлесі олардың жалпы санынан кемінде 30% болуы;
4. Студенттердің жатақханамен қамтамасыз етілуі;
5. Медициналық қызмет көрсету бөлмесінің және медициналық қызметке берілген лицензияның болуы;
6. Жабдықталған спорт залы және жазғы спорт алаңдарының болуы;
7. Симуляциялық орталықтардың заманауи құрал-жабдықтармен қамтылуы;
8. Оқу зертханалары мен оқу өндірістік шеберханалардың оқу ғылыми-өндірістік жайларға талаптарының сәйкестігі;
9. Кітапхана және оқу залдарымен қамтамасыз етілуі;
10. Кітап қоры мен электронды оқулықтардың жеткілікті болуы;
11. Интернет жүйесіне қосылған компьютерлік кабинеттердің болуы;
12. Санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы;
13. Пайдалы оқу алаңы мен материалдық – техникалық базасының болуы;
14. Кәсіби практиканы ұйымдастыру үшін талапқа сай базасы бар емдеу мекемелерімен келісім шарттың болуы;
15. Мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін кәсіпорындардың әлеуетін пайдалану және өндірістің білікті мамандарын тарту;
16. Жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру;
17. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып техникалық және кәсіптік білімі бар бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

### **IV. «Тараз – Болашақ» медициналық орталығының құқықтары**

1. Білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;
2. Білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
3. Бөлімшелерде білім алушының кәсіптік – практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандармен қамтамасыз ету, тағылымдамадан өткізуге ықпал жасау;
4. Білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын жұмыс орындарында толық игеруі үшін қажетті жағдайларды жасауға қолдау көрсетеді;
5. Оқу процесін сапалы қамтамасыз ету және кадрларды даярлау мақсатында оқытудың инновациялық технологияларын, оның ішінде дуалды оқыту технологиясын енгізу;
6. Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып, кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру жөніндегі жұмыстарға қатысу;
7. Білім алушылар мен жастар арасында кәсіби – бағдарлау жұмысын ұйымдастыруда көмектесу;



8. Қызмет көрсету саласындағы мамандықтар бойынша кадрларға қажеттілікті анықтауда, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруда қолдау көрсету;
9. Колледж қызмет көрсету салалары кәсіпорындары үшін кадрлау даярлау мәселелері бойынша конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, білім алушылар мен педагогтар арасында кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуде кешен қамқоршылық жасауы;
10. Білім алушылар мен педагогтар үшін көтермелеуші стипендиялар мен сыйақылар беру, өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларының кәсіпорындарда тағылымдамадан өту тәлімгерлік институтын дамытуға ықпал жасау;
11. Еңбек шартын жасасу жолымен алынған кәсіптік білімінің деңгейі мен бейініне сәйкес келетін лауазымдарға жұмысқа бітірушілерді қабылдау мүмкіндігін қарастыру;
12. Бітірушілердің біліктілігін беру бойынша жұмысына қатысу;
13. Колледждің алқалы органдарының жұмысына қатысу;
14. Білім беру процесінің сапасын басқару менеджменті жүйесін енгізу, колледжді аттестациялау немесе аккредиттеу қызметінің негізгі бағыттарына мониторинг жүргізуге қатысу.

#### **V. Келісімнің әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту, толықтыру және тоқтату тәртібі**

1. Осы келісім оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді;
2. Осы келісім ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін;
3. Осы келісім мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен төрт данада жасалады, бір данадан әрбір тараптарға беріледі;
4. Келісімнің қолданылу мерзімі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара келісімі бойынша осы меморандумға тараптардың өкілетті өкілдері қол қоятын және осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамаларда жасау жолымен жазбаша нысанда рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **VI. Тараптардың дауларды шешу тәртібі**

1. Осы келісімді орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешуді тараптар тікелей өздері қарастырады;
2. Келіссөз, өзара тиімді шешу жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### **ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ**

##### **ӘКІМДІК**

Жамбыл облысы  
Тараз қаласының әкімдігі  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,  
Сүлейменов көшесі 3  
Тел.: 8 (7262) 43-37-39  
Сайт: taraz.zhambyl.gov.kz

Тараз қаласы әкімінің орынбасары  
Сариев Бақдәулет Жолдасұлы  
\_\_\_\_\_ Б.Ж.Сариев

##### **КОЛЛЕДЖ**

«Тараз-Болашақ» жоғары  
медициналық колледжі ЖШС  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,  
Пушкин көшесі 57  
Тел./факс: 8 (7262) 43-16-58  
E-mail: col\_bolashak@mail.ru

Директор: Аскаров Канат  
Пернебаевич  
\_\_\_\_\_ К.П.Аскаров



## ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК

«Тараз – Болашақ» медициналық орталығы  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,  
Пушкин көшесі 57  
Тел.: 8 (7262) 54-53-33

Бас дәрігер: Доскулов Оразкул  
Нуралиевич



О.Н.Доскулов